

Кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 17 қыркүйектегі № 405 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі № 91 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 2 қазанда № 37033 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылауы жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

_____ С. Жумангарин

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі

_____ Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратураның
Құқықтық статистика және
арнайы есептер алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары –
Ұлттық экономика министрі
2025 жылғы 24 қыркүйектегі

Күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" бірлескен бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 желтоқсанда № 12687 болып тіркелді).

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 8 қарашадағы № 775 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 10 қарашадағы № 64 бірлескен бұйрығы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 қарашада № 17793 болып тіркелді).

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 426 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 6 қыркүйектегі № 84 бірлескен бұйрығы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 қыркүйекте № 24290 болып тіркелді).

4. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 44 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 25 тамыздағы № 59 бірлескен бұйрығы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 31 тамызда № 29332 болып тіркелді).

5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 260 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 102 бірлескен бұйрығы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 30 қарашада № 30847 болып тіркелді).

6. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 29 наурыздағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 29 наурыздағы № 38 бірлескен бұйрығы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 наурызда № 32188 болып тіркелді).

7. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2024 жылғы 16 тамыздағы № 324 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 16 тамыздағы № 66 бірлескен бұйрығы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 1206 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 814 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 19 тамызда № 34939 болып тіркелді).